


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, олардың қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Мұғалімдер инновациялық технологияларды, интерактивті және дәстүрлі әдістерді үйлестіре отырып, болашақ ұрпаққа сапалы білім беріп, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер

1. Әлімжанов, И., Маманов, Б. «Қазақ тілін оқыту методикасы». Алматы: Мектеп, 1965.
2. Байтұрсынұлы, А. «Тіл – құрал». Алматы: Атамұра, 2005.
3. Жұмабаева, Ә. «Бастауыш мектепте оқыту әдістемесі». Алматы: Мектеп, 2004.
4. Құлмағамбетова, Б. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы: Рауан, 1998.
5. Мұқанов, С. «Оқу психологиясы». Алматы: Білім, 2000.
6. Тұрғынбаева, Б. «Шығармашылық қабілеттерді дамыту әдістері». Алматы: Дарын, 1999.
7. Құрман, Н. «Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері». Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2019.
8. Оразақынова, Н. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Алматы: Атамұра, 2002.
9. Педагогикалық шеберлік орталығы. «Интерактивті оқыту әдістері». Нұр-Сұлтан, 2018.

С.С. Шоқабаева

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Астана қ., e-mail: shokabaeva@yandex.kz

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕ БОЙЫНША ЕҢБЕКТЕРІ

Аннотация. В статье рассматриваются взгляды, позиции алашской интеллигенции, видных деятелей нации, духовных лидеров А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытулы, А. Байтасұлы, Т. Шонанұлы в трудах по методикам преподавания языка, преподавания казахского языка как родного и чужого, а также опыт преподавания казахского языка.

Ключевые слова: Алашская интеллигенция, методология, обучение родному языку.

Abstract. The article examines the views and positions of the Alash intelligentsia, prominent figures of the nation, spiritual leaders A. Baitursynuly, J. Aimaulyuly, A. Baitasuly, T. Shonanuly in their works on methods of teaching language, teaching Kazakh as a native and foreign language, as well as the experience of teaching the Kazakh language.

Key words: Alash intelligentsia, methodology, teaching native language.

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде ана тілін оқыту әдістемесіне арналған «Ана тілінің әдісі», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Тұтас сөз әдісі», «Баулу мектебі» деп аталатын мақалалары бар. Ана тілін үйрету әдістемесіне қатысты ғалым былай деп жазады: «Ана тілінің үйретілуі әліб-бйден басталады. Сондықтан ана тілін үйретіу әдісі тұрасындағы әңгімені де әліб-бй үйретіуден бастаймыз.

Үйретіу өнер болған соң, ана тілін үйретіу бұ да өнер. Олай болса, басқа өнерлерде болатын сындар мұнда да болмақ.

Тіл үйретіу дегенге оқыу үйретіу, жазыу үйретіу, сөйлеу үйретіу кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқыу мен жазыу ондай емес, бұлар айрықша үйретіуді керек қылады [1, 184].

Сонымен қатар әдістерді түрлендіру қажет екенін де айтқан: «... керек орында түрлі жолмен өрлеп шығарлық еткен сыйақты, әдіс жолының талай тарауларымен таныстырып өтіу керексіз нәрсе болмас деймін...» [1, 186].

Үйрету әдісін жалпы және жалқы деп екі топқа бөледі. Негіз түрінің басқалығына қарай әдістерді жалпылау әдісі, жалқылау (айырыңқы) әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі деп топтайды. Бұдан әрі әр әдіске жеке-жеке тоқталып, ерекшелігін сипаттайды. Негізі қосу, жинау болатын әдістерді жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс, негізі талдау, айыру болатын әдістердің бәрін жалқылау, (анализ) немесе айырыңқы әдіс, негізінде қосу да, талдау да болатын әдістерді жалқылаулы-жалпылау немесе айырыңқы-жиылыңқы деп анықтама береді.

«Тұтас сөз әдісі» мақаласында бұл оқытудың ерекшелігін, оқыту әдісін баяндайды: «Тұтас сөз әдісімен оқытқанда, сауатсыздарға дыбыс әдісіндегі секілді әуелі дыбыс, содан соң бір-екі дыбыстың таңбалары көрсетілмейді, – бірден тұтас сөйлем үйретіледі. Мәселен: «Жер – ел жері» «Ел жерін бай жерленді», «Бай мал малданды» деген сөйлемдердің біреуі сабақ негізіне алынады. Бұл сөйлемдерді, қазақтың соңғы жылдарда өздерінің айта бастаған сөздері болғандықтан, жаңа түсінікті тіл мен кеңес жасалғандықтан – оқушылар жылдам үйреніп алды. Сөйлемді үйреніп болған соң сөйлемнің тұтас таңбасы көрсетілді... Тұтас сөз әдісінде буын қаріп орнына жүреді (қаріп пен оқытудың орнына буынмен оқытылады)» [1, 594].

«Баулу мектебі» мақаласында баулу мектебінің ерекшелігін, «өлі оқудың» өміршең еместігін жазады. «Өлі оқу», «төте оқу», «көрнекі оқу» – бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді дейді. Көрнекі оқу мен баулудың айырмашылығын түсіндіреді. Баулуды бәрінен жандырақ деп бағалайды.

А.Байтасұлы «Тәжірибе сабақтары» мақаласында дыбыстарды жазғызу, айтқызуға үйрету әдісін көрсетеді. Балалардың тазалығы, үйдегі істері, үйдің тазалығы, мектеп ішінде тазалық сақтау тәртібі, салыстыра оқыту арқылы ұқсас заттардың айырмашылығын ажырата білуге үйрету, жаңа жолмен сабақ беру тәжірибесі, әдісі жайында жазады.

Ж.Аймауытұлы «Ана тілінің оқыту әдісі» мақаласында хат тануды 1) тіл ұстарту, 2) оқу, 3) жазу, 4) емле үйрету, 5) тіл бақылау деп беске бөледі. Бірақ оларды бір-бірімен бірлікте қарастырады. Осы бесеуінің басы біріккенде, оқытушы балаға білімді үйретеді дейді. Тіл ұстартуда жасына лайық әңгімелерді оқыту, мазмұнын айтқызу, суретпен баяндату, тақпақ, өлеңдерді жаттату тапсырмаларын орындату арқылы оқытуды ұсынады. Баланың бастапқы үлгерімі мен өрлеуіне мұғалім талдау жасау үшін жинап жүруі керек. Бастауыш мектептерге арналып, тәжірибелік тіл құрал шығарылу керек деген ұсыныс айтады.

Ж.Аймауытұлы «Ана тілі әдісінің пұрағырамы» мақаласында хат таныту әдістерін, тіл ұстарту, оқу (кітап оқу), жазу, емле, тіл заңдарын бақылау мәселелерін қарастырып, баяндайды. Ана тілі әдісінің бағдарламасында “Қат танытпай тұрып балалардың тіл білу жөніндегі мағлұматымен танысу; өлең, тақпақ ертегі-жұмбақ, мақал сияқтыларды қандайлық білетінін байқау”, “шебер сөйлеуге (деклемес) төселдіру”, “бірігіп ойдан жазу, жеке ой жазу”, “салыстыру, жіктеу, іріктеу, астын сызу, тастап кеткен әріптерді, буындарды, сөздерді ойлап табу, сөйлем жасау. Жұмбақтардан (задаш), зерттелген жұмыстардан қортынды (ереже) шығарту, желі (схема), пылан жасату”, т.с.с. оқыту әдістері баяндалған [2, 543-545].

Т.Шонанұлы «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында (шет тілді үйрету әдісі)» мақаласында былай деп жазады: «Жат тіл оқыту әдісі екі бөлім болады:

1. Жат тіл оқытудың қисыны (теория);
2. Қисынды іске асыру жағы.

Жат тілді үйрету қисыны барлық жат тілді оқытуға ортақ: әдістің жалпы негізін, түрін білдіреді. Сондықтан, ол қазаққа орыс тілін, орысқа қазақ тілін үйретуге ортақ негіз қисынды іске асыру жағы – бір арнаулы жат тілді басқа елдің адамына қалай үйретуін білдіреді. Сондықтан, көбінесе мұны бір тілге байлап сөйлейді. Біз ілгеріде ылғи орысқа қазақ тілін үйретуді көздеп отырамыз» [2, 527]. Одан әрі жат тіл үйренудің үш мақсатын:

- 1) Тіл ілімі үшін үйрену,
- 2) Тәрбие алу үшін үйрену,
- 3) Тұрмыстағы мұқтажын өтеу үшін үйрену деп атап, жат тілді негізгі үйретудің екі

әдісін көрсетеді: 1. Ұластыру; 2. Талдау. Жаңа әдістің бірден сөйлету жағына дағдыландыруға тырысатынын, бұл күнде ұластыру әдісі қалып бара жатқанына назар аударады.

Т.Шонанұлы «Білім кеңесінің пұрағырамы және 1-басқышта ана тілі (ГУСтің әдіс қатына сүйенген)» мақаласында сауаттанудың маңызы, ана тілі мен көмлекіс пұрағырамы, сауат аштыру жайы, тіл ширату, бала әңгімесі мәселелерін қарастырған.

Т.Шонанұлының жоғарыда аталған мақаласынан басқа «Білім кеңесінің пұрағырамы және 1-басқышта ана тілі (оқытушының әңгімесі)» мақаласы бар. Бұл мақаласында оқытушының әңгімесі, әңгімелесу, кілас пен мектеп жыйылысына араласу, өлең мен тақпақ,

сақына ойыны, оқушының байандамасы, оқытушының міндеті әдістері жайында баяндайды. Бұдан әрі әр әдіске жеке-жеке тоқталады. Мәселен, оқытушының әңгімесі бойынша «Оқытушының сөзін тыңдағаннан балалар үлкендер сөзін түсінуге дағдыланады. Бала жаңа сөздер біледі». Әңгімелесуден үйренетіні: «Бақылаған нәрсесі жайында балалар пікір алысады, қорту шығарады, жазып-сызып із қалдырады. Әңгімелескенде ғана пікір алысуға болады». Кілас пен мектеп жыйылысына араласудан «Сөйлей білу, басқаны тыңдай білу, тәртіп сақтау, басқаның сөзін бұзбау – жыйылыстың шарты. Мұны бала жыйылыста бола-бола, үлкен балалардың сөзін тыңдай-тыңдай, жиылысқа қалыптана бара үйренеді». Өлең мен тақпақтан үйренетіні: «Бала өлеңдерін әуелі кіласта, соңынан үйірмесінде айтып үйренеді. Әр балаға да тақпақ-өлең айтқызып көру керек. Баланы көп араластыру керек. Соңынан сауық кештерінде, мыйрамдарда балалар тақпақ сөйлеп дағдыланады». Сақына ойынынан «... балалар басқаларға еліктеп, тілін түзетеді; басқаларға еліктеу үшін олардың тіліндегі айырмашылыққа зейін салады: басқалар тіліне салып айтам деп, балалар байқаусыз өз тілін дамытады, жаңа сөзбен танысады. Міне осы еліктеуден біреу сөзіне зейін салып қарап, жатып әдебиет тілін сіңіруіне себеп болады». Оқушының байандамасының балаға пайдасы: бала «бақылаған, иә тапсырылған жұмысты қалай орындағанын айтып береді. Оқытушы баланың кеміс жерін толықтырып түзеп отырады... Байандама балалардың белсенділігін арттырады». Бұдан әрі баланың тілін ұстарту үшін оқытушының міндеттерін баяндайды. Ол міндеттер мынадай:

1. Оқытушы баланың тілін бақылап зерттеу керек;
2. Баланың тұрған жерінің, тілінің айырмашығы мен де танысу керек;
3. Ең алдымен оқытушы баланың тілінің мүкістігін жойу керек. Тілдің мұндай мүкісі баланың сөз мүшелерін меңгере алмағанығынан болады. Мұндай балаларды мысқылдамай, кекетпей, қолдап отыру керек;
4. Құлағына дұрыс айтылған сөзді көбірек сіңіру керек;
5. Кекеш балаларға зейін салу керек;
6. Жатық тілге шым-шымдап үйрету керек;
7. Білім атауларын (термін) балалар дұрыс айтып, дұрыс жазып үйренулері керек [2, 563-568].

Осы аталған еңбектерінен басқа Алаш зиялылары Ж.Аймауытұлының «Қазақша қат таныту әдістері», «Қат таныту әдістері», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы», «Ана тілі пырағырамы», «Үлгі мектептері керек», Т.Шонанұлының «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Қысқа көріністерде, сауат ашыу мектептерінде жаңа әліп пырғырамы», «Қазағыстанда ГУС пырағырамының жайы», «Зерттеу әдісі», «Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында», «Жаңа пырағырамды іске асыру», Қ.Кемеңгерұлының «Жат тіл оқыту әдісі», Ш.Сарыбай ұлының «Қазақ мектебінде орыс тілін оқыту жайында» мақалалары ана тілін оқыту әдістемесіне, мектептерде, ересектерді сауаттандыру әдісі, үлгі мектептерін ашу, жаңа әліппені оқыту әдісі, қазақ тілін орыстарға оқыту әдісі мәселелеріне арналған. Бұған қоса Алаш зиялылары ана тілін оқытудың бағдарламаларын әзірлеу әдістерін де ұсынған және өздері де автор болып әзірлеген. Бір мақала көлемінде Алаш зиялыларының оқыту әдістемесіне қатысты барлық еңбектерін талдау мүмкін емес, сондықтан олардың кейбірін қарастырдық.

Қорытындылап айтқанда, Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері – ХХ ғасырда жазылса да, әлі де құнды, мазмұнды, қажет, өміршең рухани мұра. Бүгінде мектепте, жоғары оқу орындарында, т.б. білім беру мекемелерінде қолданылып жүрген оқыту әдістемелері Алаш зиялыларының еңбектерінен басталады. Алаш қайраткерлері ана тілін оқыту әдістемесіне, мектептерде оқушыларды, ересектерді сауаттандыру әдісі, үлгі мектептерін ашу, жаңа әліппені оқыту әдісі, қазақ тілін орыстарға оқыту әдісі, педагогика мәселелеріне арналған. Сонымен қатар ана тілін, жат тілді оқытудың бағдарламаларын да әзірлеген, әдістерін де ұсынған және өздері де автор болып жазған.

Қазақтың рухани көсемдері ұлт тілінде жасап, қалыптастырған хат таныту әдісі, тіл ұстарту, оқу (кітап оқу), жазу, емле, тіл заңдарын бақылау, шебер сөйлеуге (деклемес) төселдіру, бірігіп ойдан жазу, жеке ой жазу, салыстыру, жіктеу, іріктеу, астын сызу, тастап кеткен әріптерді, буындарды, сөздерді ойлап табу, сөйлем жасау, зерттелген жұмыстардан

қортынды (ереже) шығарту, т.с.с. көптеген терминдер мен ұғымдардың қазақтың ұлттық терминқорын қалыптастырудағы орны мен рөлі ерекше.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары / Құраст. Е.Тілешов, Н.Аитова (ж.ред.), О.Жұбай, А.Қадырхан. – 2022. – 240 б.

2. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / жауапты редактор Р.Сыздық, Ш.Құрманбайұлы; – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 638 б.

Fatima Hajizada Elshan
Azerbaijan University of Languages
PhD student
E-mail: fatima@hajizada.com

Linguistic Distinctions Between American and British English

Abstract. *As we know, one of the key issues in linguistics is the difference in language structures between closely related languages. This difference is particularly evident between American and British English. While there are notable variations in vocabulary and spelling, differences can also be found in grammar, pronunciation, and sentence structure. For instance, in British English, the agreement between verbs and subjects might be more formal or different in certain cases, while American English tends to favor simpler and more practical constructions. Additionally, pronunciation plays a significant role in distinguishing the two varieties, with different stress patterns and sounds for certain words.*

Spelling variations are also notable; British English uses “colour,” “honour,” and “realise,” while American English opts for “color,” “honor,” and “realize.” These differences reflect the evolution of two distinct forms of English. British English tends to preserve more traditional forms, while American English has streamlined some rules, resulting in a language that is often seen as more straightforward and practical.

Keywords: *British English, vocabulary, pronunciation, distinct varieties, certain rules.*

Introduction

English is one of the most widely spoken languages in the world, and it plays a pivotal role as a global language of communication. Its significance extends beyond the borders of English-speaking countries, with millions of people across the globe using it as a second or foreign language. This global prominence is attributed to the widespread influence of the British Empire and the rise of the United States as a major world power. Over time, English has diversified into multiple dialects and variants, including what are commonly known as British English and American English. These two versions, while sharing a common linguistic ancestry, have developed distinct characteristics in terms of vocabulary, pronunciation, grammar, and spelling.

The roots of the English language can be traced back to the early Middle Ages when it emerged as the spoken language of the Anglo-Saxons in what is now modern-day England. However, the evolution of English took a significant turn with the expansion of the British Empire. As the British Empire expanded its reach to territories in Asia, Africa, North America, and Australia, English became the dominant language in these colonies. In many cases, it replaced indigenous languages and became the medium of education, governance, and trade. This colonial expansion played a key role in spreading the English language to the farthest corners of the world. After gaining independence, many of the former British colonies, including the United States, Canada, Australia, and New Zealand, retained English as their official language. Additionally, it became the language of administration in countries like India, Nigeria, and Singapore. As of today, English is one of the six official languages of the United Nations and is studied as a foreign language in numerous countries.